

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІң, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІң және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІң ГАЗЕТІ

№ 228 (9290) | 1953 жылғы 15 ноябрь Жексенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

## Мал қыстату—мал шаруашылығын өркендетудің жауапты кезеңі

Быйыл қыс ерте түсіп, облыс колхоздары мен совхоздарында малды қолда күту ерте басталды. Мал шаруашылығын өркендетудегі бұл аса жауапты кезеңді облысымыздың озат шаруашылықтары жан-жақты, толық әзірлікпен қарсы алып, мал қыстатуды алғашқы күннен тыңғылықты ұйымдастыруда.

Бірақ, мал қыстату маусымына үлгілі әзірлікпен келген мұндай озат шаруашылықтар облысымызда мүлде аз. Сондықтан олардағы істің жақсы жағы мал азығын дайындау, оларды мал қыстайтын орындарға тасу, малға жылы, жайлы қоралар әзірлеу, малды қолда бағу басталған алғашқы күннен-ақ оларды жақсы күтімге қою жөнінде көптеген колхоз, совхоздарда болып отырған кемшіліктер мен қателіктері бүркөмелей алмайды.

Жаз бойы Октябрь аудандық партия комитеті өзінің бюро мәжілістері мен пленумдарының қай-қайсысында болсын колхоздарда тұрақты жемішпен қорын жасау, мал қораларын салу, ескі қораларды жөндеу, фермаларды тұрақты қорлармен толықтыру туралы талай рет мәселе қарап, шаралар белгіледі. Аудандық Совет атқомі де бұл мәселелер жөнінде көптеген қарарлар қабылдады. Бірақ, не пайда, аудан басшылары өз директиваларының орындалуын нашар ұйымдастырды. Мұның ақыры аудан колхоздары бойынша жемішпен дайындау жоспарының орындалмай қалуына әкеліп соқты. Ауданның бірсыпыра колхоздары мал қораларын жақалан салу, ескі қораларды жөндеу жұмыстарын толық аяқтамады.

Мысалға осы аудандығы Жамбыл атындағы колхозды алайық. Мұнда жоспар бойынша 82 мың центнер жемішпен дайындау керек болса, одан небары 26 мың центнер жемішпен ғана дайындалды. Соның өзінде мал қыстатуға әзірлік жайып тексеру кезінде 6 мың центнер пішен кем болып шықты. Колхоз басқармасының жауапсыздығына салынуынан дайындалған мал азығының мөлшеріне ұшырау фактілері анықталды. Сол сыяқты, бұл колхозда мал қораларын жөндеу қолға ете көп алынып, сапасыз жүргізілді. Тіпті колхоз басшылары көптеп түскен қыстан қысылып, абыржып қалғандықтан малды кейбір жөндеуден өткізілмеген қораларға енгізе салды.

Мұндай мысалдары басқа аудандар-

бай, осы күнге дейін шемеледе тұрған, атжалда жатқан және алыс жердегі пішендерді тез тасып алуын ұйымдастыру қажет.

Дайындалған мал азығын толығымен есепке алумен бірге, оның жұмсалып нормаларын белгілеп, сол белгіленген норма бойынша жұмсалуды күнбе-күн қалаған отыру керек.

Малдың қондылығын төмендету үшін, сауын сыйырлардың сүт беру мөлшерін жаз айларындағыдан кеміту үшін әрбір малды азықтанудың рационасы жасалуы тиіс. Сауын сыйырларды азықтандыру рационасын жасағанда олардың салмағындағы және тәуліктік сауылуындағы айырмашылық ескерілетін болсын. Азықты малға ұнтақтан, туралы, булан беруді қолдану керек. Бұл малдың сүйсіне тамақтануына, жемішпенің дысырап болмауына жағдай жасайды.

Жөнделіп болмаған мал қораларын жөндеуді мал қыстату жұмыстарымен қат-қабат жүргізіп, бұл жұмыстарды таяуды күндер ішінде сапалы аяқтап, әрбір колхозда барлық малдың жылы, жайлы орынмен қамтамасыз етілуіне баса көңіл бөлінетін болсын.

Мал қыстатуды үлгілі өткізу ісі фермаларда жұмыс істеуге бөлінген адамдардың іскерлік қабілеттілігіне, еңбек сүйгіштігіне және олардың тұрақтандырылуына байланысты. Сондықтан фермалар адының қатарлы, мал шаруашылығы жөнінде тәжірибелері бар колхозшылардың, коммунистер мен комсомолдердің өсебінен толықтырылуы керек. Сөйтп, олардың басқа шаруашылық жұмыстарға ауыстырылмай, тұрақтандырылуына ерекше назар аударылатын болсын. Фермаларда жұмыс істейтін адамдардың еңбегін дұрыс ұйымдастыру, оларды жылы үймен, алысмен қамтамасыз ету қажет. Мал шаруашылығында үнемі жұмыс істеп жүрген колхозшылардың тиісті қосымша еңбек-ақыларын есептеп беруді тездету қажет. Бұл оларды еңбек өнімділігін арттыра беруге, өз жұмыстарын ұқыпты, тыянақты істеуге жігерлендіре түседі.

Партия ұйымдары малшылар арасындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге, бұқаралық-саяси жұмыстарды жоғары дәрежеде жүргізуге, озат мал өсірушілердің іс тәжірибелерін насихаттап отыруға міндетті. Фермаларда қабырға га-

Ш. С. ҚАЖҒАЛИЕВ ЖОЛДАСҚА ҚАЗАҚ ССР-нің ЕҢБЕГІ СІҢГЕН АРТИСІ ҚҰРМЕТТІ АТАҒЫН БЕРУ ТУРАЛЫ

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Совет театр искусствосы саласындағы табысты творчестволық жұмысы үшін Қазақтың Құрманғазы атындағы Мемлекеттік халық аспаптары оркестрінің көркемдік жағын басқарушысы және бас дирижері Шамғол Сағатдинұлы Қажғалиев жолдасқа Қазақ ССР-нің еңбегі сіңген артисі құрметті атағы берілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Д. КЕРІМБАЕВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы.

13 ноябрь, 1953 жыл.

А. М. ЗАДВОРНЫХ ЖОЛДАСҚА ҚАЗАҚ ССР-нің ЕҢБЕГІ СІҢГЕН ДӘРІГЕРІ ҚҰРМЕТТІ АТАҒЫН БЕРУ ТУРАЛЫ

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Халықтың денсаулығын сақтау саласында сіңірген еңбегі үшін Қазақтың тұркерулез ғылыми зерттеу институтының директоры Александра Михайловна Задворных жолдасқа Қазақ ССР-нің еңбегі сіңген дәрігері құрметті атағы берілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Д. КЕРІМБАЕВ.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы.

13 ноябрь, 1953 жыл.

ҚАЗАҚТЫҢ ҚҰРМАНҒАЗЫ АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ХАЛЫҚ АСПАПТАРЫ ОРКЕСТРІН ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІң ГРАМОТАСЫМЕН НАГРАДТАУ ТУРАЛЫ

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Қазақ совет музыка мәдениетін дамытудағы, сол сияқты, қазақтың халық аспаптары музыкасын көпшілікке тарату ісіндегі табыстары үшін Қазақтың Құрманғазы атындағы Мемлекеттік халық аспаптары оркестрі Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен наградаласын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының

Мал санының өсуі және малдың өнімділігінің артуы оны қыстан шығынсыз, онымен қабат, қонын тайдырмай алып шығуға тікелей байланысты. Бұл үшін әрбір колхоз бен совхозда, әрбір фермада мал қыстатуды алғашқы күндерден бастап тыңғылықты ұйымдастыру керек.

## Октябрь ауданында мал шаруашылығына басшылық нелікпен нашар

Октябрь ауданы—облысымыздағы ірі мал шаруашылық аудандардың бірі. Мұнда мал шаруашылығын бұдан былай да өркендете беруге мүмкіншілік жеткілікті. Бірақ, ауданда мал өсіру жоспары негізгі түліктер—сыйырдан, қой-ешкіден, шошқадан және құстан орындалмады. Тіпті, бірсыпыра колхоздарда мал саны үстіміздегі жылдың алғашқы айларындағы мөлшерден көп кеміп кетті. Ал, аудандағы 22 колхоздың бірде-бірінде мал өсіру жоспары толық орындалған жоқ.

ККП облыстық комитеті бұдан үш ай бұрын өзінің бюро мәжілісінде Октябрь ауданында қоғамдық мал шаруашылығын өркендету, оның өнімділігін арттыру ісін жайып талқылап, бұл істе ауданның кейін қалып отырғандығын атап көрсетті және кейін қалушылықты жою жөнінде нақтылы шаралар белгілен берді. Бюро мәжілісі аудан басшыларына мал басын шығынсыз өсірудің, төлді күтуді жақсартудың, қысқа қажетті мал азығын мол өзірлеудің—мал шаруашылығын өркендетуде шешуші роль атқаратындығын қатты ескертті. Аудандық партия комитетінің ескертары Қуандеренко, аудандық Совет атқару комитетінің председателі Мүсин жолдасар да бюрода осы белгіленген шараларды іске асыру жөнінде сенім білдіріп, уәде де берді. Оған кейін олар облыстық партия комитетінің пленумында серт бере сөз сөйлеп, мал шаруашылығын өркендетуде артта қалушылықты тез жоюмыз, ол үшін үлкен өзгерістер жасаймыз деген болатын.

Не пайда, аудан басшыларының бұл уәделері құрғақ сөз болып қалып отыр.

Мал қыстату жұмысы—мал шаруашылығын өркендетудегі жауапты кезең болып табылады. Алайда, ауданның көптеген колхоздары мал қыстатуда әзірліксіз кірісті. Бұған белгіленген жемішпен қорын жасауды жоспары ауданның бірде-бір колхозында орындалмай қалуы толық дәлел бола алады. Сол сыяқты, шөп сүрлеу жоспарының орындалуы да қанағаттанғысыз. Дайындалған жемішпені мал қыстайтын орындарға тасып, жеткізу ісімен көптеген колхоздардың жете шұғылданбай отырғанын атап айту керек. Аудан бойынша шөп тасу жоспарының әлі күнге дейін шүптең бірі де орындалмай отыр. Егіннің сабалымен топанғын жыйнау қарқыны баяу. Үстіміздегі жылы жоспар бойынша-

жайып жете білмегендіктен оларға басшылық етуде елеулі кемшіліктер жіберілді.

«Смычка» колхозы—мал шаруашылығы жөнінен ауданда ең артта қалып отырған колхоздардың бірі. Бұл колхоз өткен қыс мал қыстатуды үлкен жайыншылықпен өткізді. Мал азығы қыс ортасына жетпей таусылып қалды. Сондықтан колхоз көршілес «Қызыл» колхозынан 20 мың сом ақша және 22 бас мал беріп, шөп тасып алуға мәжбүр болды. Бұл шөп те қыстың аяғына жетпеді. Сонымен көп мал шығынға ұшырады. Ақырында колхоз бойынша мал өсіру жоспары түліктің барлық түрінен жартылай ғана орындалды. Мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тасшыру қарқыны да осындай болды. Мұнда осы кемшіліктің быйыл да қайталану қаупі бар. Өйткені қажетті жемішпенің тең жартысы да дайындалған жоқ. Ал, осы аз шөптің 20 проценті мал қоралары жағына тасылып алынбаған. Оның үстіне мал қоралары жеткіліксіз.

Колхоз басқармасы және бастауып партия ұйымы бұл кемшіліктерден осы күнге дейін тиісті қорытынды жасаған жоқ. Бұған аудандық партия комитеті мен аудандық Совет атқомі де кінәлі. Өйткені бұл ұйымдардың басшылары мал шаруашылығын өркендету жұмысын тыңғылықты ұйымдастыру, істегі кемшілікті жою жөнінде колхоз басқармасы мен бастауып партия ұйымына жеткілікті талап қоймайды. Мал шаруашылығына қолда бар мүмкіншілікті пайдалануды ұйымдастырмайды. Малшылар арасында үгіт-бұқаралық жұмысын жүргізуді ескеруіс қалдырады. Озаттардың тәжірибесін насихаттамайды. Бұл шаруашылыққа ғылымның табыстарын енгізу ісіне мән бермейді. Ауданның басқа колхоздарында да осылар сыяқты олқылықтар бар. Мәселен, «Трудовик», «Дружина» және Калинин атындағы колхоздарда қоғамдық мал сауының кеміп кетуі, әсіресе, аналық малдың азаюы тек осы жағдайдан болып отырған іс. «Трудовик» колхозында 1948 жылмен салыстырғанда сыйыр малы 14 процент, «Дружина» колхозында 11 процент кеміген. Ал, «Путь Ильича», «Интернационал» және Ленин атындағы ауылшаруашылық артельдерінде аналық малдың қысыр қалуына, іш тастауына жол берілген.

центі шығып болды. Ол-олма, жетелеген колхоздарда жағдай бұдан да нашар. «Интернационал» колхозында үстіміздегі жылы туған 82 бұзаудың 53-і, «Гигант» колхозында алынған қозының тең жартысы шығынға ұшырады. Неге бұлай? Мұның негізгі себебі: фермаларда мал зоотехникалық-малдәрігерлік ережелерге сай азықтандырылмайды. Оны бағып, күту ісі бетімен жіберіледі. Төл алу ісіне алдын-ала әзірлену әдетке айналдырылмаған.

Ендігі бір кемшілік сол—ауданда мал шаруашылығы өнімділігін арттыру жөнінде күрес жеткілікті қасым. Үстіміздегі жылдың 9 айында аудан бойынша әрбір сауын сыйырдан сауылған сүт орта есеппен 830 литрден ғана келеді. Ал, «Смычка», «Интернационал» колхоздарында әрбір сыйырдан 670—690 литрден ғана сүт сауылды. Бұл колхоздарда қойлардан қырқыған жүзі жоспардарынан көп кем алынды. Алайда, осының бәріне аталған колхоз басшылары қынжылар емес.

Қоғамдық шаруашылықты өркендетуде, оған үнемі басшылық жасап отыруда колхоздардың басшы кадрлары зор роль атқарады. Сондықтан оларды дұрыс іріктеліп алу, орналастыру, тәрбиелеу, тұрақтандыру өте маңызды жұмыс. Алайда, Октябрь ауданында бұл істің жайы да нашар. Мұнда колхоз председателдері мен ферма меңгерушілері жиі-жиі ауыстырыла береді. Олардың арасында тәрбие жұмысын тиісті дәрежеде жүргізілмейді, ұйымдастырушылық, іскерлік қабілетін арттыруға қамқорлық жасалмайды.

Аудандық ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімінің бастығы Дорощенко жолдас аудандық партия комитетінің пленумдарында және сессиялар мен актив жыйналыстарында аз сөйлемейді. Мұндай жыйналыстарда оның бойы шаруашылығына нашар басшылығы жеріне жете айтылады. Дегенмен, Дорощенко ол сындардан қорытынды жасамайды. Өйткені, оның мұндай сынга бойы үйреніп алса керек. Сондықтан да ол мал шаруашылығына тыңғылықты басшылық етудің орнына, колхоздар мен совхоздарға күлаш-күлаш қатынас қағаздар жазумен уақыт өткізіп отыра береді.

Партия мен үкметіміз мал шаруашылығын мықтап өркендетуді ауыл шар-

болар еді.

Мал қыстатуы — мал шаруашылығын өркендетудегі аса жауапты кезең. Қоғамдық малдарды қыстап әрі шығынсыз, әрі қолды алып шығу — партия, совет органдарының, колхоз, совхоз басшылары мен мал шаруашылығы мамандарының іскерлік, басшылық қабілеттілігіне үлкен сын. Бұл сыннан мүдірмей өту үшін мал қыстатуын ағашқы күндерінің кемшіліктерін іс үстінде шұғыл жоя отырып, жұмысты дұрыс ұйымдастыру қажет. Ең алдымен дайындалған мал азығын мал қоралары жанына тасуды, оны ферма меңгерушілеріне әкітпен беруді және олардың орынды, ұқыпты жұмсалуды күн сайын қадағалап отыруды жолға қою керек. Мал азығын қоралар жанына тасуда әрбір колхозда арнаулы бригадалар ұйымдастырылып, олар адам, көлік күштерімен толық қамтамасыз етілуі керек. Ол бригадалардың алдымен маята саалы-

жеттері мен «ауыптылық» диеталарды жиі шығарып, оларда сәттардың инициативаларын қолдаумен бірге, кемшіліктерді бағыт сығға ала жазып отыру керек.

Аудандық партия комитеттері мен аудандық Совет атқару комитеттерінің қызметкерлері колхоз мал фермаларында жиі болып, оларда орын алып отырған кемшіліктерді дерезінде түзуге және қолхоз, совхоздардағы мал өсірушілерге көмек беріп отыруға міндетті. Сол сыяқты МТС басшылары да МТС-тің қамтуындағы колхоздардың фермаларында мал қыстату жұмысымен күнбе-күн шұғылданып, оларға нақтылы көмек көрсетуге міндетті.

СССР Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысы облысымыздың ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің жаңа өндірістік және саяси өрлеуін туғызды. Партия ұйымдары колхозшылар мен совхоз жұмысшыларының күш-жігерлерін мал қыстатуды барлық жерде бірдей үлгілі өткізуге бағыттан отыруға міндетті.

### Академик И. П. Бардинді Ленин орденімен наградтау туралы СССР Жоғарғы Советі Президиумының указы

Туғанына жетпіс жыл толуына байланысты, ғылым саласында сіңірген аса көрнекті еңбегі ескеріліп, академик Иван Павлович Бардин Ленин орденімен наградталсын.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**  
СССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**  
Москва, Кремль  
13 ноябрь, 1953 жыл.

### В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының толық мүшесі М. Г. Евреиновты Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы СССР Жоғарғы Советі Президиумының указы

Туғанына жетпіс жыл толуымен байланысты, В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының толық мүшесі М. Г. Евреинов жолдастың ауыл шаруашылығын электрлендіру саласындағы зор еңбектері ескеріліп, Михаил Григорьевич Евреинов Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталсын.

СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**  
СССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**  
Москва, Кремль  
12 ноябрь, 1953 жыл.

### В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің Мавзолейіне еңбекшілердің кіруі туралы

1953 жылғы 17 ноябрьде В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің Мавзолейіне еңбекшілер кіре бастайды.

Мавзолей сейсенбі күндері сағат 12-ден 15-ке дейін, сәрсенбі, бейсенбі және сенбі күндері — сағат 17-ден 20-ға дейін және жексенбі күндері — сағат 12-ден 17-ге дейін ашық болады.

Еңбекшілердің Мавзолейге бару тәртібі уақытша былай болып белгіленеді: Москва қаласының еңбекшілері Мавзолейге еңбекшілер депутаттары аудандық Советтерінің атқару комитеттері арқылы ұйымдасқан түрде, Мавзолейге баратын күні көрсетілген билеттер бойынша кіреді. Москва қаласына басқа қалалар мен облыстардан қызмет командировкасымен, сондай-ақ демалысқа және экскурсиямен келген адамдардың Мавзолейге баруы тиісті министрліктер, ведомстволар және қоғам ұйымдары арқылы ұйымдастырылады.

### Вьетнам кәсіподақ делегациясының Алматыға келуі

КБС-тың шақыруы бойынша Совет Одағына қонаққа келген Вьетнам кәсіподақ делегациясы 12 ноябрьде Алматыға келді.

Аэродромда Вьетнам өкілдерін кәсіп-

одақтарының Қазақ республикалық советінің және кәсіподақтарының республикалық комитеттерінің өкілдері қарсы алды.

(КазТАГ).

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Ә. ӘМРИЕВ.**  
Алматы қаласы  
13 ноябрь, 1953 жыл.

### ҚАЗАҚТЫҢ ЖАҢА КӨРКЕМ СУРЕТТІ ФИЛЬМІ

АЛМАТЫ, 13 ноябрь. (СОТА). Алматының көркем суретті және хроникалық фильмдер киностудиясы көркем суретті «Қозыкөрпеш және Баянсұлу» кинокартинасын түсіруді аяқтады.

Фильм Қазақтың «Қозыкөрпеш және Баянсұлу» атты халық ертегісі бойынша жасалған. Фильм драматург Ф. Мүреповтың сценарийі бойынша қойылды.

ка, 8300 күе сыятын қоралар салынуы керек еді. Амап қанша, бұл құрылыстардың бірқатары басталғанмен, аяқталмай қалды. Еекі қораларды жөндеу жұмысының жайы нашар болды.

Мал шаруашылығын өркендетуге ауданның мұндай олқылыққа ұшырауының себебі неде? Оның себебі: біріншіден, мал басын өсіру ісіне нақтылы басшылықтың, бақылаудың жеткіліксіздігінде. Ауданның партия, совет ұйымдары мен ауыл шаруашылығы және дайындау бөлімінің басшылары әрбір шаруашылықтың жағдайына, өзгешелігіне қарай басшылық етуді ескермейді, демек, жеке колхоздардың экономикасын зерттеумен, оны жете білумен шұғылданбайды. Осылай істін

тының өте нашар халде болуының, мал санының аз болуының тағы да бір себебі — мал шағылыстыру маусымының дұрыс ұйымдастырылмауында. Мал шағылыстыру науқаны кезінде ұйымдастырылмағандықтан үстіміздегі жылы төл жоспардағыдан әлде қайда аз алынды. Мысалы, ауданда төлейтін әрбір 100 аналық малдан небары 67 құлын, 57 қозы, 23 бұзау, 5 тораидың алынуы осыны дәлелдейді.


Алынған төлдерді аман сақтап, оны өсіру ісіне жете көңіл бөлінбей келеді. Ауданның бірсыпыра колхоздарында төл шығынының болуына жол беріліп отыр. Өткен 9 айдың ішінде ауданда алынған қозының 19 проценті, бұзаудың 28,2 про-

центіндегі міндеттердің бірі етіп қойып отырғанда Октябрь ауданындағы бұл кемшіліктерге төзуге бола ма? Әрине, жоқ. Сондықтан ауданның партия, совет және ауылшаруашылық орындарының басшылары жоғарыда айтылған кемшіліктерді дереу жойып, ауданның мал шаруашылығында жаппай өрлеу туғызулары керек. Малдың санын көбейту, сапасын жақсарту, өнімділігін арттыру және мал қыстатуды үлгілі ұйымдастыру үшін әрбір колхоз бен совхоздың өзіндегі мүмкіншілікті пайдалана білулері қажет. Ал, бұл міндет сөзбен емес, нақтылы іспен орындалуға тиіс. Олай болса, аудан басшылары сөзден гөрі іске көшулері керек.

Б. СӘЛМЕНОВ.



## Туған елімізде



### Еліміздің техникумдарында кадрлар даярлау

Краснодар өлкесінің, Воронеж, Курск, Горький, Чкалов, Омск және басқа облыстардың ауыл шаруашылығын механизациялау техникумдарында машина-трактор станцияларының тәжірибелі механиктерінің мамандығын жетілдіру үшін екіжылдық бөлімдер ұйымдастырылған. Бұл бөлімдерге жыл сайын бір мың адам қабылданып отырады. Оқуды бітіргендерге техник-механик атағын беру жөнінде диплом тапсырылады.

СССР Мәдениет министрлігінің арнаулы орта дәрежелі оқу орындары басқармасының бастығы Семичастнов жолдас СОТА-ның тілшісімен әңгімелескенде көзін елімізде 3600-ден аса техникумдар мен арнаулы орта дәрежелі оқу орындары жұмыс істейтіндігін айтты. Оларда жас жігіттер мен қыздар 600 түрлі мамандық бойынша оқиды. Төз үстіміздегі жылы 100-ге жуық жаңа оқу орындары ашылды. Оларда металлургия, ағаш, және басқа өнеркәсіп салаларының жас мамандары даярланады. Колхоздар, совхоздар мен МТС-тер көп-

шілік тұтынатын товарлар және азық-түлік товарлары өнеркәсібінің кәсіп орындары үшін кадрлар даярлайтын техникумдарға ерекше көңіл бөлінуде.

Соғыстан кейінгі жылдарда орта дәрежелі ауылшаруашылық оқу орындарының саны 255-ке дейін ал, олардағы оқушылардың саны екі еседен аса артты. Үстіміздегі оқу жылында ауыл шаруашылығы 48 мың жас маман алады. Кіші агрономдар, электрші-техниктер, жерге орналастырушылар, гидромелиораторлар, құрылысшылар, кіші зоотехниктер, малдәрігерлік фельдшерлер көптеп даярланады.

Көзіргі уақытта оқу процесінің жөн-өндірістік оқуды жақсартуға бағытталған шаралар жүзеге асырылуда. Барлық негізгі мамандықтар бойынша оқулықтар мен оқу құралдарын басып шығару және қайтадан басып шығару, озы шаруашылықтар мен байланысты нығайту, сырттан оқып ауылшаруашылық орта білімді алуды өрістетуді көзделіп отыр

### Село еңбекшілерінің товарларға деген қажетін зерттеу

Кәсіпшілік кооперациясы Орталық Одағының басқармасы село еңбекшілерінің өнеркәсіп және азық-түлік товарлары жөніндегі қажетін зерттеу және есепке алу жөнінде мәселе талқылады. Еліміздің түрлі аудандарында 40 бақылау-ассортимент пункттерін құру көзделіп отыр. Олар селолық жерлерге матаны, тігулі киімді және аяқкиімді қажет етудің өзгеруі жөнінде үнемі есеп жүргізіп отырады. Кәсіпшілік кооперациясы Орталық Одағының бас басқар-

масы, сонымен бірге, шаруашылық, галантерея, мәдениет товарлары және басқалары жөніндегі қажеттің жайы туралы хабарлар алып тұруды ұйымдастырады.

Аудандық тұғынушылар одақтары мен қоғамдарының басқармаларына дүкендер мен магазиндердің талаптарын, сатып алушылардың тілектері мен ұсыныстарын есепке ала отырып, товарларға заявқалар жасау тапсырылды. (СОТА).

### Жоспардан тыс өнім

КЕМЕРОВО, 11 ноябрь. (СОТА). Құзбастың кеншілері көмір өндіруді ұлғайту үшін күресуде. «Беловуголь» тресінің «Польсаевская-6» шахтасының коллективі ірі табысқа ие болды. Коллектив жылдық жоспарды орындады. Шахта циклдік график бойынша

жұмыс істей отырып, отын өндірудің орта тәуліктік жоспарын 25 процент арттыра орындауда.

Көзір бассейнде көмір өндіру жөніндегі 3 кәсіпорны 1954 жылдың есебіне жұмыс істеуде, ал, 8 шахта 11 ашық жоспардан тыс көмір беруде.



ХАРЬКОВ. СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысына жауап ретінде Харьковтың тракторларды құрастыру заводының коллективі жыл аяғына дейін жоспардан тыс жер жыртатын 1000 ХТЗ-7 тракторын шығаруды ұйғарды.

СУРЕТТЕ: цехтың аға мастері **А. В. Терещенко** (сол жақта) және сынаушы **В. М. Задорожный** жоспардан тыс шығарылған тракторды тексеріп тұр.

(СОТА-ның фотохроникасы).

### ФЗО МЕКТЕПТЕРІНЕ ҚАБЫЛДАУ

10 ноябрьде СССР Мәдениет министрлігінің ФЗО мектептері мен тау-кен өнеркәсібі мектептеріне қабылдау басталды. Бұл мектептерде жас жігіттер мен қыздар құрылысшы мамандықтарын және тау-кен өнеркәсібінің жұмысшылары мамандығын алып шығады. Мектептерге көзірдің өзінде 60 мыңнан аса өтініштер түсті. (СОТА).



РИГА: «Рига аудумес» комбинаты осы жылы бір миллион метрден астам жасанды және табиғи кібек тоқып шығарды.

СУРЕТТЕ: баспа цехының сменалық мастері **О. А. Рауденшилдс** (оң жақта) тоқымашылар **Э. Себрис** және **М. Вейдманис**ге нұсқаулар беріп тұрған кезі.

(СОТА-ның фотохроникасы).

### ҚҰРЫЛЫСШЫЛАРДЫҢ МӘДЕНИЕТ САРАЙЫ

ЖИГУЛЕВСК (Қуйбышев облысы), 10 ноябрь. (СОТА). Мұнда су электр станциясы құрылысшыларының Мәдениет сарайы ашылды. Үйдің алаңы, 2,5 мың шаршы метрден асады. Онда 500 адамға арналған зритель залы, кітап қоймасы, оқу залы, көркемөнер үйірмелерінің жұмыстарын жүргізуге арналған көптеген бөлмелер, спорт залы бар. Жаңа үй — қаладағы көркем үйлердің бірі.

# ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотовта болған баспасөз конференциясы

Быйылғы жылы 13 ноябрьде В. М. Молотов жолдас баспасөз конференциясы болды. Бұған совет баспасөзінің өкілдері, сол сыяқты, Москвадағы шетел тілшілері қатынасты.

Баспасөз конференциясының бас кезінде В. М. Молотов жолдас мынадай мәлімдеме жасады:

«3 ноябрьде Совет Үкметі Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыру туралы Англияның, АҚШ-тың және Францияның Үкметтеріне нота жолдады.

Бұл нотада Совет Үкметі Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыруды, сөйтп, мұнда біріншіден, АҚШ-тың, Англияның, Францияның, Совет Одағының және Қытай Халық Республикасының Сыртқы істер министрлерінің қатысуымен халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету жөніндегі шаралар қаралуын және, екіншіден, АҚШ-тың, Англияның, Францияның және Совет Одағының Сыртқы істер министрлерінің қатысуымен Германия мәселесін және Европаның хауіпсіздігін қамтамасыз етудің есімен байланысты мәселелерін талқылауды ұсынды.

Совет Үкметінің бұл нотасы шетелдерге ресми топтардың тарапынан да, әртүрлі барыттардағы баспасөз органдарында да, көптеген пікірлер тудырды. Өйткені, нотада қойылған мәселелерді шешудің бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздікті нығайту үшін маңызы үлкен болар еді.

Көп елдердің қалың жұртшылық топтары Совет Үкметінің ұсыныстарын ұната қарсы алды.

АҚШ пен Англияның, сол сыяқты, Францияның да үкметтік топтары мен кейбір баспасөз органдарының тарапынан бұл ұсыныстарға көзқарас өзгеше болды. АҚШ-тың президенті Эйзенхауэр тіпті «советтік нотаны «негативтік» деп атап, «советтік нотада жыйналуға ешқандай ниет білдірілмейді»—мб деп мәлімдеді; бірақ, мұндай мәлімдеме шындыққа көріне қайшы келеді.

Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыру туралы мәселеге кезір халықаралық жұртшылық пікірі мейлінше көңіл бөліп отыр. Совет Одағы «бірге жыйналуға» тілек білдірмей отыр-мыс деген бөсе әдімелер фактілермен таныс адамдарды адастыра алмайды. Өңгіме дәл мұның керісінше болып отырғандығына көзді жеткізу қиын емес. Совет Үкметі Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыру туралы мәселені АҚШ, Англия және Франция Үкметтерінің алдына тек соңғы кезде ғана үш рет: 4 августта, 28 сентябрьде, 3 ноябрьде қойғандығын еске сала да жеткізді.

Бірақ, әңгіме Совет Үкметінің Сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыруды тілеп отырғандығында емес, қайта АҚШ, Англия және Франция Үкметтерінің мұндай кеңестің шақырылуын тілемейтіндігінде болып отыр. Бұл Үкметтердің бәрі Сыртқы істер министрлері кеңесін шақыруды жақтап шығандарын мойындамауға болмайды. Солай бола тұрса да, олар мұндай кеңесті шақыру мақсаттары туралы осы уақытқа дейін келісімге келе білмеді.

тіпті барлық дәлелдер бар», дейді ол.

Бұл ісөе халықаралық қалың топтар арасында тілектестік бар екенін елеулі мүмкін болмай отырғандықтан, төрт мемлекеттің кеңесі туралы әңгіме етуге, бірақ, істің шындығында бұл әңгімелерді сөзсіздікпен тындыратындай етіп жүргізуге, әрине, болады. Совет Одағы бұған мүлдем өзгеше қарайды. Совет Одағы үшін кеңес туралы мәселе саудаға саларлық іс емес. Толғағы жеткен халықаралық мәселелерді реттеумен байланысты кеңеске біздің көңіл қоюымыз халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдетуге, бейбітшілік пен халықаралық хауіпсіздікті нығайтуға ұмтылған талаптан туып отыр.

Міне, сондықтан Совет Одағы АҚШ-тың, Англияның, Францияның, ССРО-ның және Қытай Халық Республикасының қатысуымен халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету туралы мәселені қарауды ұсынып келді және ұсынып отыр. Толғағы жеткен халықаралық мәселелерді реттеу үшін Қытай Халық Республикасы қатысуының өте зор маңызы бар екендігін ешкім бекерге шығара алмайды, сол сыяқты, Америка Құрама Штаттары мен Қытай Халық Республикасының арасындағы өзара қатынастарға тоқтамайынша, толғағы жеткен халықаралық мәселелерді реттеу туралы шынлап айтуға болмайды. Корея мәселесін, соның ішінде шетел өскерлерін Кореядан әкету және Корея мемлекетін біріктіру мәселелерін шешу істерін толық реттеу үшін басқа елдердің ұлы Қытай Халық Республикасы сыяқты Азия мемлекетінің заңды мүдделерімен санауы да маңызды. Қытайды қатыстыра отырып, бөсе ұлы мемлекеттің кеңесін шақыру туралы келісімге келгенді фактісінің өзі халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдетуге, бейбітшілікті нығайтуға қарай нақтылы қадам басылғандығын дәлелдеген болар еді.

Иен жақында қауымдар палатасында сөз сөйлеп, Шығыс пен Батыстың арасындағы шиеленіскен қатынастарды бәсеңдету Совет Үкметіне ғана байланысты мәселе депенді айтты. Бұл —әрине, дәлелсіз. Шығыс елдерімен кезіргі алауыздықтар үшін «Батыс» басты жауаптылықты көтермей ме? Екінші жағынан, бөсе мемлекеттің кеңесіне Қытайдың қатысуы Батыс пен Шығыстың арасындағы алауыздықты бәсеңдетуге қарай жасалған маңызды қадам болар еді, бұл әбден айқын.

Кезіргі халықаралық мәселелерді реттеуге ұмтылу талабы шын бар болса, онда мұның кілті —халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету туралы мәселені қарау болып табылатындығын жұрттың бәрі айтады. Алайда, істің жайын суреттегенде халықаралық шиеленісті бәсеңдету туралы мәселені қарау ұсынысы Батыстағы, сол сыяқты, Шығыстағы барлық көкейтесті мәселелерді дереу жалпы реттеуге жетуге тырысқандық деген сөз болып табылады-мыс деп суреттеу теріс болар еді. Бұл ұсыныстың магнаты бұрмалайтын мұндай мазмұнына түсіндірушілікке қосылуға ешкім көнбейді. Бірақ, күнібұрын кеңестің қолын бұу теріс бо-

метінің Германиямен жасалатын бітім договорының негіздерін ұсығанына таяуда екі жыл болады. Солай бола тұрса да, үш мемлекеттің үкметтері бұл ұсыныстарға өздерінің көзқарасын осы уақытқа дейін білдірмен жоқ және өздерінің бітім договорының жобасын тапсырған жоқ. Олардың Париж және Бонн келісімдерін жасасу жолымен, Совет Одағына және халықтық демократия елдеріне қарсы бағытталған агрессиялық Солтүстік-Атлантика мемлекеттер тобына Батыс Германияны тезірек енгізуге тырысулары олардың европалық хауіпсіздікті қамтамасыз ету жағын былай қойғанда, Германияның ұлттық бірлігін қалпына келтіру мүдделерімен ешбір қатысы жоқ саясат бағытын ұстап отырғандықтарын дәлелдейді.

Егер бұл агрессиялық бағыт бұдан былай да жүргізіле беретін болса, онда Батыс Германияны ешкім бейбітшілік сүйегін мемлекет деп қарай алмайды, өйткені, ол мемлекеттердің белгілі империалистік тобының құрамына айналады. Мұндай жағдайда Солтүстік-Атлантика блогінің агрессияшыл топтары Батыс Германияның агрессияшыл топтарымен белгілі бір мерзімде кейбір келісім жасаушылыққа қол жеткізе алады, бірақ, нәтижесі тек біреу ғана болады: ремигитарланған Батыс Германия біржолата кешегі гитлершілдердің және басқа еш алушылардың қолына түсіп, өзінің милитаристік тілімен сөйлей бастайды, жаңа агрессияның хауіпті ошағына айналады, егер біз Европадағы хауіпсіздіктің шын қамын ойлап отырған болсақ, мұнымен санаспауға болмайды. Герман милитаризмін қайта тудыру саясаты және Батыс Германияны Солтүстік-Атлантика блогінің агрессияшыл тобына енгізуге ұмтылушылық Франция, Польша, Бельгия, Чехословакия, Дания, Голландия халықтарының және басқа европалық елдердің хауіпсіздігіне тікелей қапер болып табылатындығы, бұл халықтарды өздерінің ертенгі күніне сенімді болуынан айыратындығы айдан анық. Өйткені, ондай жағдайда Европада хауіпсіздік болады деп есеп етуге болмайды.

18 октябрьдегі нотада АҚШ-тың, Англияның және Францияның Үкметтері Германия мәселесін европалық хауіпсіздік мәселесімен орынды байланыстырған. Бірақ, Батыс Германияны ремигитарландыру жөнінде көзір жүргізіліп жатқан істі оның көрінілерінің хауіпсіздігімен де, Европаның басқа елдерінің хауіпсіздігін қамтамасыз етумен де сыйыстыруға болмайды. Европада және ССРО шекараларына жапсарлас басқа да аудандарда американды соғыс базаларының барған сайын көбейтіліп отырғанын да европалық хауіпсіздікті қамтамасыз етумен сыйыстыруға болмайды.

Батыстағы баспасөз Европадағы, Азиядағы және Африкадағы американды соғыс базалары туралы қытықты мәселеге ылғи соқпай өтеді. Совет Одағын және халықтық демократия елдерін, сол сыяқты, Қытай Халық Республикасын қоршауға тырысатын американды әуе-соғыс және соғыс-теңіз базалары Америка Құрама Штатта-

сепаратты міндеттемелерімен байланысты болар еді».

Совет Одағында бұл мәселе жөнінде түсінік берілуі күтілуде.

Осы айтылғанның бәрінен кейін табиғи түрде мынадай сұрақ туады: Сыртқы істер министрлерінің кеңесі бола ма? Бұл сұраққа жауап, бөрінен бұрын АҚШ-тың, Англияның және Францияның позицияларына байланысты, ендеше, олардың халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету мәселесін, сол сыяқты, Германия мәселесін және осымен байланысты Европаның хауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін қарауға әзірлік көрсету-көрсетпеулеріне байланысты.

Сыртқы істер министрлері кеңесінің маңыздылығы әсте кеміген жоқ. Бірақ, істі жүргізгенде кеңес қайсы бір жалғыз мәселеге талқылайтын етіп күнілгері белгілеуге және негізгі мәселені, —халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету мәселесін мұндай кеңестер естен шығаратын етуге болмайды. Бұл жолдағы қандай да болса табыс, мейлі ол Батысқа немесе Шығысқа қатысты болса да, бейбітшілік сүйегін елдердің табысы болып қаралуы мүмкін.

Бүгінгі күндері шетелдерде үш мемлекеттің Бермуд кеңесі жөнінде аз жазылып жүрген жоқ, бірақ, оның өзіне тән өзгеше мақсаттары және бұл кеңестің өзара оңаша сипатта өтетіндігі халықаралық жағдайдағы шиеленісті бәсеңдету керектігімен байланысты мәселелердің шешілуін ешбір қамтамасыз ете алмайды. Бір мемлекеттердің екінші мемлекеттерге қарама-қарсы қою сипаты бар бұл сыяқты кеңестер тікелей қарама-қарсы нәтижелерге де жеткізуі және тіпті халықаралық қатынастардағы шиеленістің оған әрі күшейтілуіне қызмет етуі мүмкін.

Алайда, бір жағынан бұл кеңестің өзі де көзге түседі. Мемлекеттердің шағын тобының бұл кеңесі де қайсы бір жалғыз мәселені қараумен тынбайтын емес екендігінің фактісі тағы да мынаны дәлелдейді: көзіргі уақытта біздің күндеріміздегі басты мәселені қараудан бұтарауға болмайды. Халықаралық қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету туралы мәселелен, бейбітшілікті және халықаралық хауіпсіздікті нығайту туралы мәселелен бұтарауға болмайды, өйткені, бұл мәселеге миллион-миллион адамдар мейлінше көңіл бөліп отыр және бұл мәселенің сөзсіз қаралуын Совет Одағы талап етіп отыр».

Мәлімдеме жасал болғаннан кейін В. М. Молотов совет және шетел баспасөзі тілшілерінің сұрақтарына жауап берді.

С. Уиланд (Англияның Рейтер агенттігі) және Р. Кашишче (Американың Ассошиэтед Пресс агенттігі) өздерінің сұрақтарына төрт мемлекеттің — ССРО -ның, АҚШ-тың, Англияның және Францияның басшылары кездесуі жөнінде Совет Одағының позициясы қандай екенін анықтауға тырысты.

Бұдан кейін Сыртқы істер министрлері кеңесі үкмет басшыларының кеңесінең бұрын етуге тиіс пе?—деген сұрақ берілді. Өзінің жауабында В. М. Молотов әңгіме

# Мосаддыкке сот

ПАРИЖ, 12 ноябрь. (СОТА). Франс Пресс агенттігі тілшісінің Тегераннан берген хабарына қарағанда, соғыс сотының бүгінгі мәжлісінде прокурор Иран-

ның бұрынғы премьер-министр Мосаддыкті өлім жазасына кесіп, үкім шығаруды талап етті.

# Тегерандағы жағдай

ЛОНДОН, 12 ноябрь. (СОТА). Рейтер агенттігі тілшісінің Тегераннан берген хабарына қарағанда, Мосаддыкті жақтаушылардың Мосаддыкке жасалып жатқан соттың ақырғы кезеңінің басталуына бейімдеп белгілеген жаппай ереуіл жасау хауіпіне байланысты полицейлік күзетшілер мен әскери күзет деген едәуір күшейтілген.

Тегеранның соғыс губернаторы генерал Дадсетан қалада «тәртіп бұзылған күнде» қатаң шаралар қолданамын деп айбар көрсеткен.

Тегеранның барлық тұрғын халқын өзіне және басын куәлік болуына және ол куәлікті полиция мен әскери күзеттің талабы бойынша көрсетуге міндеттейтін бұйрық шығарылған.

Тегеранның негізгі алаңында полиция Мосаддыкті жақтаушы демонстрацияшыларды таратуға әрекет жасаған. Мосаддыкті жақтау ретінде астанада жүздеген магазиндер жабылған. Полиция мен солдаттардың күшті отрядтары негізгі алаңдар мен көшелердің түйісетін жерлерін күзетуде. Түске дейін 20-ға жуық демонстрацияшылар тұтқынға алынған. Полицейлер бірнеше адамды шоқпармен аяусыз сабаған.

ЛОНДОН, 12 ноябрь. (СОТА). Рейтер агенттігінің тілшісі Тегераннан былай деп хабарлайды:

Иран армиясының ресми өкілінің 12 ноябрьде мәлімдегеніндей, әскерлер Мосаддыкті жақтаушы демонстрацияшыларға оқ атып, екі адамды өлтірген.

ТЕГЕРАН, 13 ноябрь. (СОТА). «Этгеллаат» газеті Тегеран соғыс губернаторының қандай да болса жыйналыстар мен демонстрацияларға тығым салған бұйрығын жариялады. Губернатордың мәлімдемесіне қарағанда, «қолда бар шаралардың барлығымен демонстранттарды қуып таратуға» өкмет орындарына нұсқау берілген.

Осы газет кеше Тегеранда университет алдында, базар алаңында, сол сыяқты, заң министрлігі үйінің алдында және басқа көшелерде манифестациялар және қысқа митингтер өткізілгендігін жазады. Базар түске дейін жабық бо-

лып, университеттің көптеген студенттері сабаққа келмеген.

Мұнан әрі газет «Сумка» партиясының, «28 мордадағы (19 август) ұлттық көтеріліс қоғамының» және «Ария» партиясының мүшелері Тегеран көшелерін аралап жүріп, демонстранттарды қуып жүріп таратты деп жазады.

Газеттің хабарына қарағанда, кешегі күні 90 адам тұтқынға алынған. Университетке жақын жерде бір адам ауыр жараланып, емханаға алынысымен қаза тапқан.

Кеше шыққан «Нейхан» газеті 140 адам тұтқынға алынды деп хабарлайды

# „Европалық армияны“ жасақтауға қарсы француз жұртшылығының наразылығы

ПАРИЖ, 13 ноябрь. (СОТА). Кеше кешке Париждің «Мюлюаните» залында «европалық армияны» жасақтауға қарсы наразылық білдірген митинг болды. Митингті Францияның ұлттық тәуелсіздігі үшін күресу Комитеті шақырды. Митингте әртүрлі саяси партиялардың өкілдері — генерал Бийот («әлеуметтік әрекеттің республикалық одағы»), Лапи (социалист), Денэ («тәуелсіз республикашыл»), Даладье (радикал), Баррес («әлеуметтік әрекеттің республикалық одағы»), Дени (МРП), Палевский («әлеуметтік әрекеттің республикалық одағы») және басқалары сөз сөйледі.

Бірінші шешен генерал Бийот «европалық армияны» жасақтау жөніндегі Париж договоры бекітіле қалған күнде ол Францияға жат іс үшін есуастың нүімін киіп масқаралықпен француз армиясын апатқа ұшырауға душар етеді деп мәлімдеді. Ол «европалық армия» жанжалдың қолшоқпары және оның Франциядағы жақтаушылары өз елінің мүмкіншілігіне сенбейтін, өздеріне жауапкершілікті алудан қорқатын адамдар болып табылады» деп мәлімдеді.

лер советінің бұрынғы председателі Эдуард Даладьені сөзін зор ынта қойып тындады. Ол Кореяда өздеріне елеулі соққы берілгеннен кейін американдар Батыс Германияны қаруландыруды ерекше қайсарлықпен талап ете бастады деді. Герман милитаризмінің бас көтеруі Франция үшін өлердей хауіп екендігін көрсете келіп, Даладье гитлершіл армияны жеңу үшін миллиондаған орыстардың қаза тапқандығын бірде-бір француздың ұмытуға правосы жоқ деп мәлімдеді. Жасалынған одақтарды жоймастан бұрын гитлершіл армияны талқандауда орыс армиясының шешуші роль атқарғандығын біз еске түсіруге міндеттіміз.

Республика советінің мүшесі Анри Торрес (деголльшіл партия) Эдуард Даладье сыяқты оның да қандай партияның адамы болса да кезкелген саяси қайраткермен бірге «европалық армияға» бағыл түрде қарсы шығатындығын мәлімдеді.

Митингте сөз сөйлеген барлық шешендер Францияға апатты хауіп төндіріп отырған Париж соғыс договорын

Совет Одағының бұл бәсеңдетуі кеңі-  
циясына келетін болсақ, ол оның 3 ноя-  
брьдегі нотасында толық баяндалған. Біз-  
дің позициямыз мынада: егер Сыртқы іс-  
тер министрлері кеңесінің шақырылуы  
халықаралық қатынастардағы шиеленісті  
бәсеңдету мақсаттарына қызмет ететін  
болса, ондай кеңес керекті және лайла-  
ды. Егер АҚШ, Англия және Франция  
Үкметтерінің кейбір мәлімдемелеріне қа-  
райтын болсақ, халықаралық шиеленісті  
бәсеңдетуді олар да жақтап шығып отыр.  
Бірақ, халықаралық қатынастарда ши-  
еленісті бәсеңдетуді жақтап сөйлеу бір  
әңгіме де, бұл бағытта нақтылы шаралар  
істеу екінші әңгіме екенігі айқын.

Біз бұл кеңес бейбітшілікті және ха-  
лықаралық хауіпсіздікті нығайту ісінде  
ілгері қарай қадам басу үшін шақыры-  
луға тиіс деп санаймыз. Халықаралық  
қатынастардағы шиеленісті бәсеңдету  
жөніндегі шаралары қарау, сол сияқты.  
Германия туралы мәселенің талқылануы  
да, мұның ішінде оның ұлттық бірлігін  
қалпына келтіру және бітім договорын  
жасау мәселесінің талқылануы да осы  
мақсаттарға қызмет етуге тиіс. Өйткені,  
Германия мәселесінің шешілуі еуропалық  
хауіпсіздікті қамтамасыз етумен, олай  
болса, халықаралық шиеленісті бәсеңде-  
тумен өте-мөте тығыз байланысты.

АҚШ-тың, Англияның және Франция-  
ның Үкметтері өзгеше позиция ұстап  
отыр. Олар халықаралық қатынастардағы  
шиеленісті бәсеңдету мәселесін қараудан  
бастартуда, ал, Германия мәселесін тал-  
қылауды бейбітшілік сүйгіш және демо-  
кратиялық негізде Германияның бірлігін  
қалпына келтіру міндеттеріне бағындыру-  
ға емес, қайта Германияны ремилигарлан-  
дыруды тездету міндеттеріне бағындыруға  
тырысауда.

Өздеріңіз ақыда салып көріңіздерші,  
осындай жолмен жүріп отырғанда бейбіт-  
шілікті және халықаралық хауіпсіздікті  
нығайту ісінде ілгері қарай қадам басуға  
көмектесуге бола ма? Біз, совет адамдары  
бұған өз жауабымызды береміз: мұны  
бейбітшілікті нығайту ісінде ілгері қарай  
қадам басқандық деп қарауға болмайды,  
оның өзі халықаралық қатынастардағы  
шиеленісті бәсеңдетуге көмектеспейді.

Былай болған күнде Лугонада төрт мем-  
лекеттің Сыртқы істер министрлерінің ке-  
ңесін шақыру туралы ұсыныс не үшін  
жасалды? Біра, толғағы жеткен халық-  
аралық мәселелерді реттеуге және халық-  
аралық шиеленісті бәсеңдетуге ереулі күш  
жұмсау үшін болмаса керек. Лугонада  
конференция шақыру туралы ұсыныс жа-  
салған ноталар жарияланғаннан кейін  
іле-шала АҚШ-тың мемлекеттік департа-  
ментінің өкілі «егер Лугона конференция-  
сы бола қалса, қандай да болса түпкілік-  
ті келісімдерге қол жететіндігіне үлкен  
күмән» білдіргендігі, әрине, кездейсоқ  
емес.

Жақында Голландия парламентінің де-  
путаты профессор Гергетсонның мақаласы  
жарияланды, ол АҚШ-тың, Англияның  
және Францияның позициясын төрт мем-  
лекеттің конференциясы туралы барлық  
әңгімелерді теріс нәтижелерге апарып соқ-  
тыруға тікелей талпынғандық деп түсінді-  
реді. «Осындай сәтсіздікке ұшырату олар-  
дың шын мақсаты болды деп болжауға

олар еді. Өйткені, халықаралық қатынас-  
тардағы шиеленісті бәсеңдетуге көзін қаң-  
дай қарарлардың көмегіне алатындығын  
көрсететін өзі белгілеуге тиіс.

Бұл жағынан алғанда да Совет Одағы-  
ның позициясы әбден айқын.

Біз бейбітшілікті және халықаралық  
хауіпсіздікті нығайтуға ұмтылушылықты  
негізге ала отырып, халықаралық қаты-  
настардағы шиеленісті бәсеңдету жөнінде  
шаралар қаралуы ұсынысын қолдап отыр-  
мыз. Сондықтан біз бес мемлекет кеңесі-  
нің жанталаса қарулануды тоқтату, қару-  
жазакты, ең алдымен, Бірықкен Ұлттар  
Ұйымының Уставына сәйкес бейбітшілік  
пен халықаралық хауіпсіздікті қамтама-  
сыз ету үшін басты міндет жүктеліп  
отырған ұлы мемлекеттердің өздерінің  
мықтап келісетін болуы керектігіне сү-  
йенуінің бірінші дәрежелі маңызы бар деп  
өсінетіміз. Қару-жарақты азайту міндеті-  
не атом, су тегі қаруына, жаппай қыр-  
ғынға ұшырататын қарудың басқа да  
түрлеріне тыйым салу ісі де тығыз бай-  
ланысты. Бүкіл дүние жүзінің халықтары  
үшін қару-жарақты азайту мәселесінен,  
жанталаса қарулануды тоқтатудан асқан  
маңызды, бұлардан асқан шұғыл мәселе  
жоқ. Ал, біз халықаралық шиеленісті бә-  
сеңдету тағдырын шешетін басқа мәселе-  
лерді де қарауға әзірлік білдіріп отырмыз.

Осымен байланысты мына бір жағдайға  
көңіл бөлмеуге болмайды. Батыстағы мем-  
лекеттік қайраңкерлердің сөздерінде де,  
шеңбердегі баспасөз органдарының көп-  
шілігінің мақалаларында да ССРО-ның ке-  
ңесте халықаралық жағдайдағы шиелені-  
сті бәсеңдету туралы мәселе қарау жөнін-  
дегі ұсынысы айтылмай жүр. Бұл істе ха-  
лықаралық шиеленісті қолдау, ал, бәлкім,  
тіпті күшейту мақсатын көздейтін және  
бұл шиеленісті бәсеңдетуге келергі жасау-  
ға тырысып отырған топтардың қысым  
жасауы сезіліп отырса керек. Солай бола  
тұрса да, біз мынадай сенім білдіреміз:  
агрессиялық топтардың тарапынан мұн-  
дай қарсылық көрсетілуі бейбітшілікті  
нығайтуға ұмтылушы адамдардың күш  
жұмсауын бәсеңдетпейтіні былай тұрсын,  
қайта халықаралық қатынастардағы ши-  
еленісті бәсеңдетуге олардың бұрынғыдан  
да гөрі әзірлік білдіре түсетін тудырады.

3 ноябрьдегі советтік нотада АҚШ-тың,  
Англияның, Францияның және ССРО-ның  
Сыртқы істер министрлерінің қатысуымен  
Германия мәселесін де талқылау ұсыныла-  
ды. Бұл мәселені шешудің еуропалық ха-  
уіпсіздікті қамтамасыз ету үшін, бейбіт-  
шілікті нығайту үшін өте зор маңызы  
бар екендігін ешкім бекерге шығармайды.  
Нақ сондықтан Совет Одағы Германия  
мәселесін талқылау ісінде Германияның  
ұлттық бірлігі және демократиялық, бей-  
бітшілік сүйгіш жалпыгерманиялық үкмет  
пен бітім договорын жасау мәселесі еңгі-  
зілуін жақтап отыр. Мұның өзі Еуропа-  
ның барлық бейбітшілік сүйгіш мемлекет-  
терінің мүдделеріне сай келген болар еді  
және, әрине, герман халқының өзінің мүд-  
делеріне сәйкес келер еді.

АҚШ-тың, Англияның және Франция-  
ның Үкметтері өзгеше позиция ұстап  
отыр. Олар Германияның бірлігін қалпы-  
на келтіру жөнінде қандай да болса прак-  
тикалық шаралар істеуден және бітім до-  
говорын қараудан бастартуда. Совет Үк-

метінің қорғаныс мұқтаждары үшін ар-  
налған деп шыңдан дәлелдеуге жігіркен-  
дей пысықтау журналистер әлі табылма-  
ған тәртізді. Мұны дәлелдеуге болмайды  
және бұған ешкім сенбейді.

Ал, олай болған күнде егер біз Еуропа-  
ның барлық елдері үшін хауіпсіздікті  
қамтамасыз етуге шын ұмтылып отырған  
болсақ, егер біз халықаралық қатынас-  
тардағы шиеленісті бәсеңдетуге шын ты-  
рысып отырған болсақ, ССРО-ның бұл мә-  
селені —бөтен жерлердегі америка со-  
ғыс базалары туралы мәселені талқылау-  
ды талап етуінің дәлелділігін қалай бе-  
керге шығаруға болады.

АҚШ-тың мемлекеттік секретары Дал-  
лес Еуропадағы, Азиядағы және Африка-  
дағы америка соғыс базалары «коллек-  
тивтік хауіпсіздікке күш береді» деп,  
әрине, мәлімдей алады. Бұл арада «кол-  
лективтік хауіпсіздік»-пен өсте Еуропа-  
ның барлық елдері үшін хауіпсіздік түсі-  
ніліп отырған жоқ. Өйткені, Еуропаның  
бір елдерінде америка соғыс базалары-  
ның құрылуы бұл базалар құрылмай  
отырған Еуропаның басқа елдеріне «күш  
көрсету» қатері жөнінде мейлінше айқын  
қарсы бағытталып отыр. Ал, мұның мәні-  
сі—Даллес еуропалық хауіпсіздік туралы  
америка нотасының мәлімдемесіне маңыз  
бергісі келмейді, халықаралық қатынас-  
тардағы ұнатқан әдіс ретінде «күш көр-  
сетуді» тағы да мадақтаумен шұғылданып  
отыр деген сөз. Қайткен күнде де Совет  
Одағы жөнінде бұл әдіс көздің өзінде-ақ  
өзін толық маскаралағандығын және бұл  
жөнінде қандай да болса есен құрғысы  
келетіндерге өсте ешқандай жақсылық  
бермейтіндігін ұмытпаған жөн.

Германия мәселесі жөнінде үш мемле-  
кеттің позициясында көрнеу сәйкессіздік  
айқындалғандықтан, өйткені, бұл мәселе-  
ні Еуропада хауіпсіздікті қамтамасыз ету  
мәселесімен байланыстырмауға болмайтын-  
дығы айқындалғандықтан, Совет Үкметі  
тіпті түсінік беруді сурауға мәжбүр бол-  
ды. Совет Үкметінің нотасында бұған  
байланысты былай делінген:

«Совет Үкметі Англия Үкметінен, сол  
сияқты, АҚШ және Франция Үкметтері-  
нен мынадай түсінік алуды тілейді: олар-  
дың төрт мемлекет министрлерінің кеңе-  
сінде Германия мәселесін талқылауға әзір-  
ліктері туралы мәлімдемесі және еуропа-  
лық хауіпсіздікті қамтамасыз етудің ма-  
ңыздылығын олардың мойындауы —олар  
өздерін, бір жағынан, кеңесте Германия  
мәселесі қаралуы ұсынылатын, ал, екін-  
ші жағынан, сонымен қабат Париж және  
Бонн келісімдерін әлі бекітпеген мемлекет-  
тердің бұларды бекітуіне шара істелетін  
жағдайға, қоюы деген сөз болмас па екен.  
Мұндай түсінік алу мына себепті керек  
болып отыр: жоғарыда айтылған келісім-  
дердің бекітілуі және олардың күшіне кі-  
руі туралы біртұтас мемлекет ретінде Гер-  
манияны қалпына келтіруге мүмкіндік  
бермейді, сөйтіп, төрт мемлекеттің Сырт-  
қы істер министрлерінің кеңесінде Герма-  
ния мәселесін талқылауды да дерексіз ете-  
ді, өйткені, мұндай кеңес Батыс Герма-  
нияның Солтүстік-Атлантика блогіне тарту  
және батыс германиялық көкпілі армия  
құру жөнінде үш мемлекет пен Аденәур-  
дің Бонн үкметінің күнібұрын келісілген

кеңес туралы өз етуде емес, деді, маңыз-  
ды кеңестің мақсаттарын белгілеу.

Жоғарыда аталған екі кеңес туралы  
мәселеге де осы тұрғыдан қарау керек,  
өйткені, бұл—ұйымдастыру мәселесі емес  
қалай саяси мәселе.

**В. Кудрявцев** («Известия») мынадай  
сұрақ берді: Корея мәселесі жөнінде саяси  
конференция шақырылу болашағын Сіз  
қалай деп бағалайсыз?

**В. М. Молотов** былай деп жауап берді:  
біздің байқауымызша Корея мәселесі жө-  
нінде саяси конференцияны деркесінде  
шақыру үшін корей-қытай жағы мүмкін  
болғанын бәрін істеп жатыр. Бірақ, әри-  
не, конференция шақыру тек бір жаққа  
ғана байланысты емес.

**К. Бродней** («Американың Юнайтед  
Пресс агенттігі») егер қандай да болса ха-  
лықаралық мәселелер талқылануы мүмкін  
деп танылып отырған болса, Германия  
мен Кореядан басқа қандай мәселелердің  
кеңесте қойылуы мүмкін?

**В. М. Молотов** былай деп жауап берді:  
менің айтқанымнан мынадай қорытынды  
шығады: бұл кеңесті алдын ала не он-  
дай, не мұндай мәселелермен тегеменен  
жөн. Кеңеске қатысушылардың әрқайсысы  
бұл кеңесте халықаралық даулы мәселе-  
лердің қайсысын болса да қоя алады.  
Егер кеңес не ондай, не мұндай мәселені  
реттеу халықаралық шиеленісті бәсеңде-  
туге көмектеседі деп таныса, кеңес мұны  
істеуге әрікті. Совет Үкметі жанталаса  
қарулануды тоқтату туралы, қару-жарақ-  
ты мықтап азайту туралы, атом, су тегі  
қаруларын және жаппай қырғынға ұшы-  
рататын қарудың басқа да түрлеріне тый-  
ым салу туралы мәселелерді қарауға  
айырықша маңыз береді. Бірақ, халықара-  
лық қатынастардағы шиеленісті бәсеңде-  
туге көмектесетін басқа мәселелердің де  
қойылуы мүмкін.

**Ю. Жуков** («Правда») мынадай сұрақ  
қойды: батыс елдерде кейде Совет Үкметі-  
нің халықаралық шиеленісті бәсеңдету  
жөніндегі шаралары қарау ұсынысын  
барлық халықаралық даулы мәселелерді  
бірден қарау талабы ретінде түсінуге бо-  
лады деседі. Бұл дұрыс па? Сіздің бұған  
толығырақ тоқтағаныңыз жөн болар еді.

**В. М. Молотов** былай деп жауап берді:  
бұл, әрине, дұрыс емес. Совет Үкметінің  
Сыртқы істер министрлерінің кеңесінде  
халықаралық шиеленісті бәсеңдету туралы  
шараларды қарау ұсыныстарынан барлық  
даулы мәселелерді бірден қарау керек де-  
ген қорытынды өсте шықпайды.

Бұл ұсыныстың мәнісі мынау: бірінші-  
ден, кеңеске барлық ұлы мемлекеттер бірі-  
қалмай тегіс қатысуға тиіс, екіншіден,  
кеңеске қатысушылар қандай да болса  
халықаралық даулы мәселенің біреуін қар-  
ап тыну жөнінде күнбұрын міндеттеме-  
мен байланысты болмайды, қайта егер-  
де мұндай мәселенің реттелуі халықара-  
лық қатынастардағы шиеленісті бәсеңде-  
теді деп танылса, толғағы жеткен мәселе-  
лердің қайсысын болса да қарау туралы  
келісе алады. Кеңеске мұндай көзқарас  
халықаралық шиеленісті бәсеңдетуге ана-  
ғұрлым көп мөлшерде көмектескен болар  
еді, соның өзінде қатысушылардың ешқай-  
сысы не ондай, не мұндай, халықаралық  
мәселелерді талқылауға шек қоюмен күні-  
бұрын тежелген болмас еді.

«европалық бірлестік» Францияның  
экономикалық тәуелсіздігіне тікелей  
хауіп төндіретіндігін баса көрсетті. Ол  
Париждің тұрғын адамдары неміс әскер-  
лерінің қайтадан Елисей далаларына  
мылтық асынып келуіне ешуақытта  
келіспейді деп мәлімдеді.

Жыйналғандар Францияның министр-

### АҒЫЛШЫН ӘЙЕЛДЕРІ ТҰРМЫС НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРУДЕ

ЛОНДОН, 13 ноябрь. (СОТА). Ко-  
оперативтік әйелдер гильдиясы 6 апта  
бойына бүкіл елде наразылық арызға  
қол қойдыру науқанын жүргізіп, онда  
тұрмыс қымбатшылығының өсуіне қар-  
сы наразылық білдірген. 12 ноябрьде  
3 мыңнан астам әйел Англияның бар-  
лық аудандарынан Лондонға келіп, пар-  
ламентке жақын Централ-холл үйіне  
митингке жыйналған. Жыйналғандардың  
алдында парламент мүшелері —лейбо-  
ристер сөз сөйлеген. Назылық ары-  
зына жалпы қол қойғандардың саны  
өзір мәлім емес, бірақ алдын-ала шыға-  
рылған есеп бойынша, наразылық ары-  
зына 972 мың 595 адам қол қойды деп  
жарияланған мінбеден.

### АНГЛИЯДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ

ЛОНДОН, 13 ноябрь. (СОТА). Шот-  
ландиядағы «Роллс-Ройс лимитед» фир-  
масына қарасты 4 заводтың машина жа-  
саушылары —12 мың жұмысшы жала-  
қының арттырылуын талап етіп, кеше  
24 сағаттық ереуіл жариялаған.

Осы заводтардың бірінің цех басты-  
ғы Томас Кук «Дейли уоркер» газетінің

бөкітуге жетісуді көздеп әрекеттенуші  
билеуші топтарға қарсы батыл наразы-  
лықтар білдірді.

Митингте Ұлттық жыйналыстың пред-  
седателі Эдуард Эррио жіберген хат  
жарияланды, ол хатында осы митингтің  
шақырылу идеясын қолдап, Париж до-  
говорына қарсы шыққан.

### ҚЫМБАТШЫЛЫҒЫНЫҢ ӨСУІНЕ БІЛДІРУДЕ

Бирмингемде тұратын үй шаруа-  
сындағы әйел Б. Гатри ханым ми-  
тингте сөз сөйлеп, көзіркі уақытта оның  
үй іші мұнан екі жыл бұрынғы уақыт;  
тан азық-түлік сатып алуға 25 процент  
артық шығындынып отырғандығын мә-  
лімдеген.

Митинг аяқталғаннан кейін әйелдер  
20—50 келілік топ-топқа бөлініп, өздері-  
нің сайлау округтерінің сайланған пар-  
ламент мүшелерінде көрсету үшін нара-  
зылық арызға қол қойылған көптеген  
бланкелерді алып, парламент үйіне  
беттеген. Мұнан кейін осы қол қойыл-  
ған наразылық арыздарды лейбористка  
Гарриета Слейтер парламент мүшелері-  
не ресми түрде апарып тапсырады.

тілшісіне барлық жұмысшылар жұмыс-  
ты тоқтатты деп мәлімдеген. Бұл маши-  
на жасаушылардың жалақыны арттыру  
науқанының барысындағы 24 сағаттық  
бірінші ереуілі.

Редактор **Г. МУХАМЕДЖАНОВ.**



**«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА**  
**«КҮМІС ТҮСТІ ТОЗАҢ»**  
Сеанстар сағат 6,30-8,10-10-да бас-  
талады.

**«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА**  
**«ЖАЗЫҚСЫЗ КІНӘЛІЛЕР»**  
Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

**«Қазақстанның 10 жылдығы»**  
артелі өз материалымен жегу өб-  
зелдерін жөндеуге заказ қабыл-  
дайды.  
Сол сияқты, бұдан бір ай бұ-  
рын жөндеуге берілген және жөн-  
деліп болған заказдарды 10 күн  
ішінде келіп алу керек екендігін  
заказчиктердің есіне салады. Ие-  
лері келіп алмаған заказдар басқа  
адамдарға сатылатын болады.  
**Артель басқармасы.**

Солтүстік Қазақстанның меха-  
никалық техникумына түпкілікті  
жұмысқа ағылшын тілінен, сызу  
электротехника, техникалық өлшеу  
пәндерінен сабақ беру үшін жо-  
ғары дәрежелі білімі бар мұға-  
лімдер, бұмен жылыту пешінің  
кочегарлары үй күтушілер **КЕ-  
РЕК.**  
Адрес: Петропавл қаласы,  
Театр көшесі, 36-үй, механикалық  
техникум.

Петропавл қаласы, Милиция көшесі,  
31-үйде тұрушы Григорий Васильевич  
Верхозин Петропавл қаласы, Револю-  
ция көшесі, 37-үйде тұрушы Тамара  
Филипповна Верхозинадан айрылатыны  
жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 2-участок-  
тік халық сотында қаралады.

Петропавл қаласы, Рабочая көшесі,  
97-үйде тұрушы Елизавета Васильевна  
Козина, Петропавл қаласы Лобковский  
көшесі, 67-үйде тұрушы Леонид Федо-  
рович Козиннен айрылатыны жөнінде  
арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы, 3-участок-  
тік халық сотында қаралады.

Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-36, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сәйлесуге болады.